

Әуе кемелерін пайдалану үшін қажет жанар-жағар материалдарын кедендік ресімдеу ережелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кіріс министрлігі Кеден комитетінің төрағасының 2000 жылғы 22 мамырдағы N 157 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 21 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1163. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 401 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келтіру мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

Төраға

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының күші жойылды деп танылған бұйрықтарының тізбесі

9. "Әуе кемелерін пайдалану үшін қажетті жанар-жағар материалдарды кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 2000 жылғы 22 мамырдағы N 157 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 21 шілдеде N 1163 болып тіркелген)...

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген әуе кемелерін пайдалану үшін қажет жанар-жағар материалдарын кедендік ресімдеу ережелері бекітілсін.

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Мұхамедиева Ғ.А.) осы бұйрықтың

мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Орталық энергетикалық кеден (Нұрабаев Б.Қ.) осы бұйрықтың іске асырылуын қамтамасыз етсін.

4 Баспасөз қызмет (Исахан Г.Т.) осы бұйрықтың жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен басты күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2000 жылғы 22 мамырдағы

N 157 бұйрығымен бекітілді

**Әуе кемелерін пайдалану үшін қажет жанар-жағар
материалдарын кедендік ресімдеу туралы
ЕРЕЖЕ**

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелерін пайдаланудың қалыпты жағдайларын қамтамасыз ету үшін мыналар белгіленсін.

1. Әуе кемелерін пайдалану үшін қажет, осыған арналған сыйымдылықтарға Қазақстан Республикасының аумағында тиелетін авиациялық жанар-жағар материалдарды (бұдан әрі - тауарлар) кедендік ресімдеу экспорттың кеден режиміне орай, осы Ережелерде белгіленген мерзімдерде кеден органына табыс етілетін кеден жүк мағлұмдамасын (бұдан әрі - КЖМ) және келісім-шартты (шартты), сапа сертификаттарын, тауарлардың саны, атауы және құны туралы мәліметтерді растайтын өзге құжаттарды беру жолымен жүргізіледі.

2. Әуе кемелері құрастырылғанда осыған арналған сыйымдылықтардағы және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген нормалар шектерінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу осындай тауарлар Қазақстан Республикасының кеден аумағына, олар әкелінген әуе кемесінің бортынан түсірмейтін шартпен еркін шығаруға арналған шығару кеден режиміне орай КЖМ-сысын табыс етпей, кеден төлемдері алынбай және бейтарифтік реттеу шаралары қолданылмай кеме құжаттары пайдаланыла отырып жүргізіледі.

3. Кедендік бақылауды іске асыру үшін әуе кемелеріне отын мен басқа да авиациялық жанар-жағар материалдарын құюды отандық тұлға немесе кедендік

делдал (бұдан - әрі мағлұмдамашы) жоспарланған күнтізбелік айдың 1-күнінен кешіктірмей кеден органына халықаралық ұшуларды жүзеге асырушы әуе кемелеріне тауарларды тиеуге арналған өтініштің екі данасын табыс етуге міндетті, онда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- өтініш қолданатын мерзім;
- жанар-жағар материалдарын құюшы ұйымның атауы;
- әрбір авиакомпания бойынша ай ішінде әуе кемелерінің борттарына тиеу жоспарланған тауарлардың атауы, саны (жоспардан тыс ықтимал тиеу ескеріліп к ө р с е т і л е д і) .

Өтінішке мағлұмдамашының басшысы мен бас бухгалтері қол қояды және м ө р і м е н р а с т а л а д ы .

Әуе кемесінің бортына тауарларды тиеу кеден органының "Тиеуге рұқсат" деген мөртаңба бар өтініштің негізінде жүргізіледі.

Кеден органдарының лауазымды тұлғалары әуе кемелерінің борттарына тауарлардың нақты тиелуіне кеден бақылауын жүзеге асыруға құқылы. Мағлұмдамашы кеден органдарының лауазымды тұлғаларына кеден бақылауын жүзеге асыруды жәрдемдесуге және оны өткізу үшін қажетті құжаттарды табыс е т у г е м і н д е т т і .

Өтініштің бірінші данасы кеден органдарында қалады және уақытша кеден мағлұмдамасы ретінде пайдаланады, екінші данасы құюшы ұйымға қайтарылады және тауарларды әуе кемесінің бортына тиеу үшін кеден органының рұқсаты б о л ы п т а б ы л а д ы .

Өтінішті жоспарланған айда, нақтылы тиеу әуе кемесінің бортына жүзеге асырылғанға дейін, қабылдануға жол беріледі.

4. Декларант тауарларды тиеу жүргізілген есептіден кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей кеден органына кеден жүк мағлұмдамасын, оның электрондық нұсқасын және қажет құжаттар мен мәліметтерді табыс етуге міндетті.

КЖМ қазақстандық (қазақстандық тұлғалармен жалға алынған) және шетелдік (шетелдік тұлғалармен жалға алынған) әуе борттарына құйылатын тауарларға жеке толтырылады. КЖМ, төленетін қазақстандық және шетелдік валютаға байланысты шетелдік (шетелдік тұлғалармен жалға алынған) әуе борттарына құйылатын тауарларға жеке толтырылады.

Сондай-ақ сатып алушының қолы бар әуе кемелеріне жанар-жағар материалдарын құюға арналған шығыс ордерлері (талап, өтініштері мен басқа да құжаттар) (бұдан әрі - шығыс ордерлері) тауарлардың саны, атауы мен құны жөніндегі деректерді дәлелдейтін құжаттар болып табылады.

Әуе кемелеріне тиелген тауарлардың нақты саны берілуі осы Ережелердің 3-бабында көзделген өтініште көрсетілген жалпы мөлшерден аспауы тиіс.

Шығыс ордері мына мәліметтерді растауға тиіс:

шығыс ордерінің нөмірін, құю күнін;
ұшақтың түрін, рейстің нөмірі мен әуе кемелерінің борттық нөмірін,
авиакомпаниясының атауын;
тауарлардың атауын, мөлшері мен құнын.

5. Қазақстан Республикасының кеден органдары кеден және валюталық бақылауды "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Заңына, Қазақстан Республикасының валюталық заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады. Тауарлар КЖМ беру жолымен мәлімделген кезде аталған өтініш қабылдаған күнге қолданылатын тиісті нормалар қолданылады.